

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 13 қазандағы N 261 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 1 қарашада N 7-11-148 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 59 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2012.03.26 N 59 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес көрсетілген мекемелерде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының екі пайыз мөлшерінде квота белгіленсін.

2. "Тасқала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру үшін бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарға жолдаманы **қ а м т а м а с ы з** е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Жұбанышқалиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы **Қ. Мусин**

К Е Л І С І Л Д І :
Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының шаруашылық

жүргізу құқығындағы "Тасқала
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны директоры
_____ Г. Кенжешева

13.10.2011 ж.

Батыс Қазақстан облысының
білім басқармасы "N 20
кәсіптік лицей" мемлекеттік
мекемесінің директоры
_____ М. Жанекенов

13.10.2011 ж.

Тасқала ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 13 қазандағы
N 261 қаулысына
қосымша

**Бас бостандығынан айыру орындарынан
босатылған адамдар және интернаттық
ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған
үшін жұмыс орындарын құратын
мекемелердің тізімі**

1. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тасқала аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
2. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы "N 20 кәсіптік лицей" мемлекеттік мекемесі;
3. Тасқала ауданы әкімдігінің "Тасқала ауданының коммуналдық шаруашылығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
4. Тасқала ауданының "Мәдениет орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.